



БҰЙРЫҚ

04 ақпан 2021 ж.

Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

№ *05*

город Караганда

Тамақтандыруды ұйымдастыру туралы

Қарағанды облысының білім басқармасының 2021 жылдың 27 қаңтарындағы № 94 және Қарағанды қаласының білім бөлімінің 2021 жылдың 1 ақпанындағы № 33 бұйрықтарына сәйкес 2020-2021 оқу жылында мектеп-гимназия оқушыларын тамақтандыруды қамтамасыз ету мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектеп-гимназия қызметкерлеріне:

1.1. 2020-2021 оқу жылында мектеп-гимназиясында ыстық тамақ және буфеттік тамақтандыруды ұйымдастыру жұмысын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.К.Койшығаринаға жүктелсін;

1.2. Оқушылардың күнделікті тамақтану жағдайын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына және медбикеге жүктелсін (А.Койшығарина., Н.Б.Баймұрат);

1.3. Мектеп-гимназиядағы тамақтандыруды ұйымдастыру процессі «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалаған балаларға білім беру ұйымдарында тәрбиеленуші және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылдың 31 желтоқсанындағы № 717 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылсын (Калимбетов Д.Ж);

1.4. Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу комиссиясы айына 2 рет асханада оқушылардың тамақтану жағдайын тексерсін және тексеру нәтижесінде акт толтырсын (Н.Б.Баймұрат);

1.5. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ас блогының паспортын дайындасын және бекіттірсін (А.Койшығарина);

1.6. Тамақтандыруды ұйымдастыру туралы құжаттар заңнамаға сәйкес жүргізілсін (Н.Б.Баймұрат., әлеуметтік педагог);

1.7. Оқушылардың тазартылған ауызсумен қамтамасыз етілуі қадағаланын (Калимбетов Д., Н.Б.Баймұрат);

1.8. Білім бөліміне айлық есептер уақытында өткізілсін (А.Койшығарина., әлеуметтік педагог);

2. Ыстық тамақ қызметін жеткізушілер (келісім бойынша):

2.1.Әлеуметтік қорғалмаған отбасының оқушыларына арналған тұтынушылардың құқықтарын қорғау Басқармасымен келісілген, мектеп-гимназия директорымен бекітілген ас мәзірін ұстансын (Калимбетов Д., Н.Б.Баймұрат);

3.Мектеп оқушыларына арналған ыстық тамақ және буфеттік тағамдар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 179 Қаулысы бойынша санитарлық ережелерге, «Әлеуметтік көмек көрсетілген азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 326 қаулысына сәйкес ұйымдастырылсын (Н.Б.Баймұрат);

4.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.К.Койшыгаринаға жүктелсін.



Директор

Ж.С.Баймолдина

Келісілді :
Директордың ТДЖО А.К.Койшыгарина